

Б. А. Әубәкіров, криминалистика және сот сараптамасы кафедрасының аға оқытушысы, полиция полковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

АВТОКӨЛІК ҰРЛЫҒЫН ТЕРГЕУ ЖӘНЕ АШУ БАРЫСЫНДА АРНАЙЫ БІЛІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Автокөлік ұрлығын тергеуге қолданылатын арнайы білімдер келесі процессуалдық түрлерге қолданылады немесе іске асырылады:

- олармен процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру барысында жеке немесе тікелей тергеушімен және анықтаушының өзімен;
- тергеу әрекеттерін жүргізу барысында маманның көмегімен;
- сот сараптамасы өндірісінің тәртібімен.

Бірақатар жағдайларда тергеушінің процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру жағдайында арнайы білімдерді қолдануы заңнамамен көзделген, бірақ тәжірибеде техникалық құралдарды қолдануда арнайы білімдерді ереже бойынша маман криминалистер қолданадыⁱ. Сонымен бірге, түрлі қылмыстық істер бойынша тергеу процесі жүргізілетін жағдайдың әртүрлілігі тергеушіден жеке арнайы білімін талап етеді. Тергеушінің (анықтаушының) жеке арнайы білімі, біздің көз қарасымыз бойынша, қылмысты тергеу процесінде, олардың процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыруда дәлелдемелерді тікелей табуға, бекітуге, алуға, алдын ала оқып-білуге, қолдануға және бағалауға мүмкіндік береді.

Бірақ тергеушілер мен анықтаушылардың арнайы білімдері дәрежесінің онша жоғары емес екендігіне мысал келтіріп кетуге болады. Мысалы, табиғаты талшықты объектілер (тоқымалы талшықтар) «скотч» сияқты жабысқақ лента көмегімен оқиға болған жерден алынды, содан кейін сараптамаға жіберілген. Мұндай алу табиғаты талшықты объектілердің маңызды құрамының өзгеруіне алып келетіндіктен, қолдануға кеңес берілмейді. Қол іздері бар алып жүру объектілері кей жағдайларда маманға, іздердің не олардың толық не жеке бөлік белгілерінің жойылуына әкелуі мүмкін, сәйкестендірілмеген орамамен жіберілген.

Тергеулік тәжірибеден келтірілген фактілер, қалай болғанда да, екі негізгі ой тұжырымына жатады. Біріншісі тергеушінің (анықтаушының) арнайы білімінің төмен дәрежеде болуымен байланысты болса, екіншісі — тергеушілердің (анықтаушылардың) бар арнайы білімдерін толық көлемде қолданбауыⁱⁱ.

Екінші арнайы білімдерді қолданудың ең маңызды бағыты сот сараптамасын тағайындау және зерттеу үшін үлгілер алумен байланысты. Салыстырмалы зерттеу үшін үлгілерді алу барысында тергеушімен және анықтаушымен қатар мамандардың да арнайы білімдері қолданылады. Салыстырмалы зерттеу үшін сараптамаға ұсынылған үлгілер, тергеушімен (анықтаушымен), сондай-ақ сот сараптамасы жүргізу барысында сарапшылық сараптама немесе сараптамалы-криминалистикалық коллекция массиві шеңберінде маманмен ұсынылуы мүмкін.

Автокөлік ұрлығы бойынша қылмыстық іс құжаттарын талдау, тергеуші және анықтаушының салыстырмалы зерттеу үшін криминалистикалық бөлімше мамандарына тапсырудың аздаған жағдайларында сәйкестендірілген қаулы шығарады. Осыған ұқсас тергеу тәжірибесі қылмыстық іс жүргізу заңнамасы талаптарына қарсы келеді.

Жоғарыда белгіленіп кеткендей, арнайы білімдерді қолданудың ең кең таралған түрлерінің бірі болып сот сараптамасы табылады. Тергеу барысында табылған, ұрланған автокөлікті қарап-тексеру барысында оқиға болған жерден алынған материалды объектілер бойынша тағайындалған сараптамалар, трасологияға, бәрінен бұрын дактилоскопиялық сараптамаға және табиғаты талшықты объектілерді зерттеумен байланысты сараптамаларға қатысты. Тергеушілер (анықтаушылар) бұзып кіру құралы болып табылатын объектілерге сот трасологиялық сараптама тағайындағанда, сарапшылардың алдына, осы ізді қалдырушы құқық бұзушының жеке тұлғасына қатысты ақпараттар туралы сұрақтар қоймаған. Бұзып кіру іздері бойынша қылмыс құралы туралы ғана емес, қылмыскердің жеке тұлғасы туралы да (жынысы, бойы, жасы, қылмыстық

тәжірибесі, кәсіби дағдысы, физикалық мәліметтері және т.б.) дәлелді ақпараттар алынуы мүмкін.

Кейбір жағдайларда сот трасологиялық сараптама объектілері болып гараждың құлыптары, сондай ақ оталдыру құлпы, автокөлік есіктерінің құлыптары болған. Тергеушілер (анықтаушылар) автокөлік құралын тергеудің бірде-бір жағдайларында сараптама тағайындай отырып, сарапшылардың алдына келесі сұрақтарды қоймаған:

– құлыпты белгілі бір құралдар (шеге, желбезекті кілт және т.б.) көмегімен ашу мүмкіндігі туралы;

– зерттеуге ұсынылған құлыптардың біртекті (ұқсас) бұзу әдістері, құлыптар немесе кілттерден көшірмелер алу туралы.

Сарапшылардың осыған ұқсас сұрақтарға жауаптары, қылмыс механизмі туралы, негативті белгілері туралы, бірнеше автокөлік ұрлығын бір тұлғаның жасау мүмкіндігі туралы криминалистикалық маңызы бар ақпарат алуға мүмкіндік беретін еді.

Жауап алу — ең кең таралған тергеу әрекеті. Қылмыстық істер материалдарын талдау автокөлік ұрлығын тергеуде және ашуда криминалистикалық қамтамасыз ету деңгейінде криминалистикалық әдістер мен ұсыныстарды қолданудың жетіспеушіліктерімен байланысты бірқатар мәселелерді анықтауға мүмкіндік бердіⁱⁱⁱ.

Криминалистикалық әдіс түсінігінде дәстүрлі түрде ең тиімді және әсерлі әрекет ету немесе дәлелдемелерді қолдану мен бағалау, зерттеу, жинау барысында ең мақсатқа лайықты бағыты түсініледі. Техникалық-криминалистикалық және тактикалық-криминалистикалық әдістердің өзгешелігі бар. Техникалық-криминалистикалық әдістер — криминалистикалық техниканың ғылыми қағидалары мен техникалық-криминалистикалық құралдарды қолдану әдістері. Тактикалық-криминалистикалық әдістер тергеулік және сот әрекеттерінің жеке ұйымдастырушылық-техникалық шараларын дайындау және жүргізу, алдын ала және сот тергеуін жоспарлау және ұйымдастырудың негізін құрайды. Тактикалық әдіс «тәртіптік» әдіс те болуы мүмкін, яғни осы тергеу әрекетін белгілі бір тәртіпте жүргізуді, тергеуді жүргізуші тұлғаның таңдауы және жүзеге асыруы.

Дактилоскопиялық сараптама тағайындау барысында тергеушілер мен анықтаушылар сараптама тағайындау туралы бірде-бір қаулыларында сарапшылардың алдына адамның бойын анықтаумен байланысты оның кәсіби белгілерін, қол іздерінің қандай қолмен, қай саусақпен қалдырылғанын, іздің пайда болу ерекшелігі туралы, дактилоскопиялық сипаттағы сұрақтарды қоймаған. Сарапшылардан жоғарыда қойылған сұрақтарға жауап бергендегі туралы алынған ақпараты тергеушіге (анықтаушыға) қылмыс жасаған тұлғаның физикалық және кәсіби тұрғыдағы мәліметтері туралы, қылмыс механизмі туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін еді.

Тергеушілер (анықтаушылар) аяқ іздері бойынша трасологиялық сараптама тағайындау барысында сарапшылардың алдына келесі сұрақтарды қоймаған:

– оқиға болған жерде қалдырылған аяқ іздерін қанша адам қалдырған;

– оқиға болған жерде аяқ-киім ізін қалдырған тұлға жүрісінің ерекшеліктері қандай;

– іздерді бір тұлға қалдырған ба;

– аяқ-киім іздерінің жолақ элементтері өлшемдік параметрлері (сипаттамалары) қандай;

Автокөлік ұрлығы фактісі туралы кейбір қылмыстық іс бойынша құқық бұзушылардың аяқ-киім іздері бойынша идентификациялық сараптама тағайындалмаған, бірақ іс бойынша күдікті болған. Бұл тергеушілердің (анықтаушылардың) олардың аяқ-киім іздері бойынша идентификация нәтижелеріне қажетті дәлелдемелік маңыз бермеген.

Тергелуші субъектілерде автокөлік құралының таңбаланған белгілеріне сараптамалық зерттеу тағайындағанда белгілі бір қиындықтар туындайды. Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны талдау, тергелуші субъектілердің мамандардың алдына тек екі әдеткі сұрақтарды қоюмен шектелетінін көрсетеді: зерттеуге ұсынылған автокөліктің шасси, кузов, қозғалтқышындағы алғашқы сәйкестендіріліп таңбаланған белгілер өзгертуге ұшырады ма, егер ұшыраса бастапқы мазмұны қандай. Сарапшылардың алдына таңбаланған белгілердің өзгеру немесе жою тәсілдері туралы сұрақтар сирек қойылған. Осы таңбалық белгілерді, мүмкіндік бола тұра, дайындау немесе өзгерту үшін құралдар мен заттар қолданылғандығы туралы сұрақ мүлдем қойылмаған.

Тергеушілердің (анықтаушылардың) сарапшылардың алдына қоятын сұрақ шеңбері шектеулі. Сараптамалық зерттеу нәтижелері бойынша тергеу субъектілерімен алынуы мүмкін қылмыс оқиғасы, қылмыс механизмі, қылмыскер туралы жеке болжамдар, оның кәсіби қабілеттіліктері, қылмыс қарулары, қылмыс жасау уақыты және т. б. жалпы болжамдарды қозғау үшін қолданылуы мүмкін ақпарат анықталмаған күйі қалуда. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер негізінде тергеушілер мен анықтаушылардың кәсіби дайындығының жеткіліксіздігінде, сондай-ақ тергеушілердің (анықтаушылардың) және мамандардың, сот сараптамасы түрлерінің сол немесе басқа сараптама мүмкіндіктері бойынша сұрақтардың дұрыс қойылуы туралы маманның тергеушіге (анықтаушыға) кеңес беруінде өзара әлсіз әрекеттесуімен шарттасады.

Ұсынылған мақалада негізгі көңіл аударатын мәселе, тергеу жағдайларын талдау, жеке тергеу әрекеттерін жүргізу, тергеудің әр түрлі процессуалдық шешімдерін қабылдау. Қазіргі таңда тергеу алгоритмдері терең зерттелуде, яғни осыған байланысты кейбір қылмыс түрлерін тергеу бағдарламасы мен типтік алгоритмдер және осы бағдарламаларды ғылымда және тәжірибеде қолдану.

Әдеттегі тергеулік жағдайлар ұрлық жасаған тұлғаларды анықтауға мүмкіндік беретін мақсаты қылмыс пен құқық бұзушы туралы мүмкіндігінше көп ақпарат жинау, тергеулік және іздестіру болжамдарын қозғау, ұйымдастырылған және басқа да шаралар қабылдау, кейінге қалдырылмайтын тергеулік әрекеттерді, жедел-іздестіру және басқа да шараларды жүргізу туындайды. Келесі барлық жағдайлар үшін ортақ болып табылатын және әр жағдайда жүргізілуі тиіс әрекеттерге жатқызуға болады.

Тергеушілер мен анықтаушылардың криминалистикалық маңызды ақпараты бар, дәстүрлі емес іздерге қажетті көңіл бөлмейтіні өзіне көңіл аударады. Оқиға болған жерді қарап-тексеру барысында және автокөлік құралын тергеулік қарап-тексеруде күдікті тұлғалардың сілекейлерінің және іздерінің қалуы мүмкін иіс іздері, темекі қалдықтары, сезіктілердің қолдарының тер майлық іздері бар сіріңкелер алынбайды.

Сонымен қоса бұл мақала тергеушінің күнделікті әрекетінен тұратын қылмысты тергеудің ұйымдастырушылық, әдістемелік көзқарастары қарастырылды және тергеу барысында арнайы білімдерді қолдану.

ⁱ Проблемы повышения эффективности раскрытия и расследования угонов и краж автомобилей. — М., 1985.

ⁱⁱ Розыск автотранспортных средств: Учеб. пос. — Краснодар, 2008.

ⁱⁱⁱ Особенности расследования дел об угонах и кражах автомобилей / Под ред. В. И. Жулева. — М., 1986.